



БҰЙРЫҚ

2022 ж. 23 қыркүйек
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 67
город Нур-Султан

**«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Жарғысына өзгеріс енгізу
туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 335 бұйрығымен бекітілген «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Қоғам:

1) тіркеуші органға Қоғамның Жарғысына өзгеріс енгізу туралы хабарлама жолдасын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

4. Осы бұйрық кол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2022 жылғы «23» қыркүйектегі
№ 67 бұйрығымен бекітілді

**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін
өзгеріс**

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгеріс
енгізілсін:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін 100% иелік ету және
пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз
акционер) болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
акционерлердің жалпы жиналысының өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді
қарайды және шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің
келісімі бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, Қазақстан
Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы
жиналысының (Жалғыз акционердің) құзыретіне жатқызылған мәселелер
бойынша шешімдерді Жалғыз акционер дербес қабылдайды.».